

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Көкшетау қаласы білім бөлімінің «№ 12 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (одан әрі – Мектеп) білім қызметін жүзеге асыру мақсатында мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық формасында құрылған, заңды тұлға дәрежесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

1.2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

1.3. Мектеп өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексін жалпы білім беретін мекемелер туралы Типтік Ережелерін, Қазақстан Республикасының орта білім берудің мемлекеттік стандартын, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиелеудің Кешендік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының Үкіметінің, жергілікті басқару органдары мен барлық деңгейдегі білім басқармасының органдарының шешімдерін құрушы және өкілетті органдардың бұйрықтары мен үкімдерін, сонымен қатар, осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.4. Мектептің құрылтайшысы: Көкшетау қаласының әкімдігі (бұдан әрі-жергілікті атқарушы органы) болып табылады.

1.5. Мектептің уәкілетті органы: «Көкшетау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-мемлекеттік басқару) болып табылады.

1.6. Мекеменің атауы:

*мемлекеттік тілде:* Көкшетау қаласы білім бөлімінің «№ 12 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*қысқаша атауы:* Көкшетау қаласы білім бөлімінің «№ 12 орта мектебі» КММ;

*орыс тілде:* Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 12» отдела образования города Кокшетау;

*қысқаша атауы:* КГУ «Средняя школа № 12» отдела образования города Кокшетау.

1.7. Мектептің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020000 Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Вернадский көшесі, 46 Б үй.

## 2. Мектептің заңды мәртебесі

2.1. Мектеп мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ғана заңды мекеме құқығына ие болып, құрылды деп есептелінеді.

2.2. Мектептің өзіндік балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай, банктерде есепшоттары, мемлекеттік тілде Мектептің атауы жазылған Қазақстан Республикасы Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөртабандары бар.

2.3. Мектеп басқа заңды мекеме құра алмайды, және оның құрушысы да бола алмайды.

2.4. Мектеп жедел басқару құқығы негізінде берілген жеке мүлікке ие, өзіне жүктелген міндеттемелер бойынша өз құзырындағы ақша үшін жауапты. Келісім шарттағы міндеттемелер бойынша, Мектеп мектепті қамтамасыз ету бойынша бекітілген смета шеңберінде жауапкершілікке ие. Мектепте ақша жетіспеген жағдайда, оның міндеттемелері бойынша жауапкершілік Құрылтайшы органға жүктеледі.

2.5. Мектептің азаматтық-құқықтық келісімшарттары Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің аймақтық қазына бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін өз күшіне енеді.

2.6. Мектеп қызметі мемлекеттік стандарттар негізіндегі білімнің тегін берілу принципіне, білім беру процессінің үздіксіз және оқыту әдістерінің алуан түрлілігі принципіне құрылады.

2.7. Мектеп заңды тұлға ретінде білім беру қызметін жүзеге асыру, өз түлектеріне олардың білім дәрежелері туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды беру құқығына тек мемлекеттік мекеме ретінде тіркеліп, тиісті лицензия алғаннан кейін ие болады. Мектеп мемлекеттік аттестаттаудан Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен бекітілген тәртіпте өтеді.

### 3. Мекеме қызметінің мәні, міндеттері, мақсаттары мен принциптері

3.1. Мектеп қызметінің мәні:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру стандартын жүзеге асыру;
- 2) бірыңғай тәрбие мен білім беру процесін жүзеге асырушы Мектептегі шығармашыл, дарынды тұлға қалыптастыруға септігін тигізетін оқу-тәрбие үрдісінің мазмұны, формасы және әдістері;
- 3) оқушылардың физикалық және эмоционалдық жағдайларының жақсы болуын камтамасыз ету, тұлғаның үйлесімді жетілуі үшін отбасымен өзара қарым-қатынас орнату;
- 4) білім берудің жоғары нәтижесін көрсететін білім беру бағдарламаларын және педагогикалық технологияларын жүзеге асыру;
- 5) баспа өнімдерін шығару арқылы, ақпарат кеңістігін кеңейту;
- 6) заңға сәйкес ата-аналардың өтініштері бойынша қосымша ақылы білім беру қызметтерін көрсету;
- 7) алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитарлық жәрдемнің көрсетілуі; әр түрлі деңгейде оқытуды іске асыру, соның ішінде инклюзивті оқыту;
- 8) логопедтің басшылығымен ауызша және сөйлеу кемшіліктерін жою жөнінде балалармен сабақ жүргізу;
- 9) мектеп Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді.

3.2. Мектеп қызметінің басты мақсаты – қазіргі заман талаптарына сай жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұнының міндетті минимумын игерту, ойлау процестері мен рефлексия дағдыларын дамыту, қоғамның өзгермелі жағдайларына бейімделе алатын дамыған жеке тұлғаны дамыту.

3.3. Мектеп қызметінің негізгі міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген тұлғаның қалыптасуы, маман ретінде дамуы мен жетілуіне бағытталған сапалы білім алуға қажетті жағдайларды жасау;
- 2) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық қабілеттерін дамыту, адамгершіліктің берік тұғыры мен саламатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдайлар жасау арқылы оның ақыл-ойын байыту;
- 3) өз Отанына, Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілігін, патриотизм мен азаматтық сезімдерін, мемлекеттік символдар мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, ұлттық дәстүрлерді дәріптеуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін кез келген құбылыстарға деген төзімсіздік сезімін тәрбиелеу;
- 4) белсенді азаматтық рухтағы тұлғаны тәрбиелеу; қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірге қатысуға деген қажеттіліктерін, тұлғаның өз құқықтары мен борыштарына саналы түрде қарауын қалыптастыру;

- 5) Отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне ортақтастыру; қазақ халқының және республиканың басқа да халықтарының тарихы мен салт-дәстүрлерін зерттеу; мемлекеттік тілді, оған қоса орыс және басқа да шет тілдерін меңгеру;
- 6) педагогикалық қызметкерлердің әлеуметтік деңгейлерін көтеру;
- 7) білім беру ұжымының дербестігін, еріктігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;
- 8) қоғам мен экономиканың талаптарына сай келетін білім берудің сапасын бағалайтын ұлттық жүйенің қызмет етуі;
- 9) қоғам қажеттіліктерімен және еңбек нарығында кәсіптік білім беруге бейімдеуге оқытудың қашықтық, ақпаратты-коммуникативтік, кредиттік оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді қолдану;
- 10) жаппай және жұмыс орнында оқытудың арасындағы байланысты қамтамасыз ететін еңбек нарығында қолданысқа ие, әркім жеке әлеуетін қоғамда пайдалану;
- 11) білімнің, ғылым мен өндірістің тұтастығы;
- 12) оқушылардың кәсіби дамуындағы қажеттілікті қамтамасыз ету.

#### 3.4. Мектеп қызметінің негізгі принциптері:

- 1) барлығының сапалы білім алу құқығының теңдігі;
- 2) зиялы, гуманистік және дамытушы сипаттағы білім берудің, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, тұлғаның еркін дамуының басымдылығы;
- 3) адамның құқығы мен бостандығын құрметтеу;
- 4) деңгейлері өзара сабақтас білім беру үрдісінің үздіксіздігі;
- 5) оқыту, тәрбиелеу және дамытудың бірлігі;
- 6) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесінің ашықтығы.

3.5. Мектепке оның Жарғысындағы қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін жұмыстар жүргізу және келісімшарттар жасауға рұқсат етілмейді.

3.6. Мектепте діни бірлестіктердің құрылуына және жұмыс істеуіне рұқсат берілмейді.

## 4. Білім беруде жүзеге асырылатын оқу бағдарламалар тізбесі

4.1. Мектептің білім беру бағдарламалары негізгі (базалық) және қосымша(дамытушылық) нұсқалардан тұрады.

4.2. Мектеп білім берудің мемлекеттік оқу бағдарламаларын мемлекеттік стандартқа сай жүзеге асырады.

4.3. Бастауыш білім берудегі жалпы білім берудің оқу бағдарламалары баланы тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу іс-әрекетіне деген оң мотивациясы мен ептіліктерін дамытуға бағытталады: негізгі мектептегі білім беру бағдарламаларын игеру үшін оқу, жазу, есептеу дағдыларын, тілдік қарым-қатынас жасау тәжірибесін, шығармашылық қабілеттерін және мәдени мінез-құлқын дамытуға бағытталады.

4.4. Негізгі орта білім берудегі жалпы білім берудің оқу бағдарламалары оқушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін игеруіне, оларда жоғары тұлғаралық және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеттерін қалыптастыруға, өз мамандық бағыттарын анықтауға бағытталады.

4.5. Жалпы білім берудің оқу бағдарламасы оқушыларды алдын ала өз мамандық бағытына даярлауға бағытталады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту;
- 2) жалпы бастауыш білім;

- 3) жалпы негізгі орта білім;
- 4) жалпы (толық) орта білім;
- 5) қосымша білімдік бағдарламалар – нормативтік оқыту мерзімі құрылған бағдарламаға байланысты жүзеге асырылады.

## **5. Білім беру ұйымына қабылдау тәртібі**

5.1. Бастауыш білім беру ұйымдары даярлық деңгейіне қарамастан, кезекті оқу жылының 1 қыркүйегіне дейін білім беру ұйымдарының қызмет көрсету аумақтарындағы алты жеті жасқа толған барлық балалардың бірінші сыныпқа қабылдануын қамтамасыз етеді.

5.2. Бірінші сыныпқа балаларды қабылдау үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) баланың заңды өкілдерінен өтініш;
- 2) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- 3) денсаулық жағдайы туралы анықтама (медициналық паспорт);
- 4) тұратын жерінен анықтама немесе тұратын жерін растайтын басқа құжат;
- 5) 3x4 көлеміндегі фото - 2 дана.

5.3. Бастауыш білім беру ұйымдарына білім алушыларды қабылдау кезінде басшылар оқуға келушілерді, олардың заңды өкілдерін осы Қағидалармен, жарғымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстырады.

5.4. Бастауыш білім беру ұйымының бірінші сыныбына қабылдау кезінде емтихандар, тестілеулер, сынақтар, конкурстар жүргізілмейді.

5.5. Мектепке дейінгі мекемелерде болмаған немесе мектепалды даярлықтан өтпеген балалар үшін білім беру ұйымдары оқу жылы басталғанға дейін даярлық курстарын ұйымдастырады.

5.6. Сыныптарды даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша жасақтауға рұқсат етілмейді. Бұл ретте сыныптағы шекті сыйымдылық 25 білім алушыдан аспайды.

5.7. Бастауыш білім беру деңгейін аяқтаған білім алушыларды, негізгі орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы сыныптарына қабылдау білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен құрылатын комиссияның шешімімен жүзеге асырылады және заңды өкілдердің мүдделері ескеріле отырып аталған ұйымға бекітілген аумақта тұратын барлық білім алушылардың қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

5.8. Бейінді мектептің оныншы немесе он бірінші сыныптарына қабылдау оқытудың бейінін таңдау кезінде білім алушының қызығушылығы, бейімі мен қабілеті ескеріле отырып, білім алушының тұратын аумағын ескерместен баланың заңды өкілінің келісімімен білім алушының жеке өтініші және негізгі орта білім деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының болуы негізінде жүзеге асырылады.

5.9. Өтініштерді қабылдау негізгі орта білім беру деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжатты бергеннен кейін басталады. Білім алушыларға және білім алушының заңды өкілдеріне осы Қағидалармен, білім беру ұйымының жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілетін лицензиямен, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымына қабылдау тәртібімен, білім беру ұйымының қызметін реттейтін басқа да құжаттармен танысуға мүмкіндік беріледі.

## **6. Білім беру процесінің ұйымдастырылу тәртібі**

- 6.1. Мектептегі оқу-тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартына сай өңделген оқу жоспарларына, оқу бағдарламаларына, Мектеп директорымен бекітілген мемлекеттік оқу жоспары мен тақырыптық жоспарға сәйкес құрылады.
- 6.2. Мектептегі оқыту және тәрбиелеу үрдісі казак және орыс тілінде жүргізіледі.
- 6.3. Мектеп Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген шеңберде оқытудың түрлері, әдістері және құралдарын таңдауда дербес деп саналады.
- 6.4. Оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуының негізі Мектеп жүзеге асыратын оқу-тәрбие үрдісінің жоспарлануы мен есепке алынуы болып табылады.
- 6.5. Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарларымен, бағдарламаларын уақытылы және сапалы орындалуын, толық көлемде қамтамасыз етуді көздейді.
- 6.6. Мектептегі оқу-тәрбие үрдісін жоспарлау оқу жылына оқу-тәрбие үрдісінің кестесін, теориялық және практикалық сабақтардың кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады.
- 6.7. Мектептегі оқу-тәрбие процесін есепке алу оқытуды есепке алу журналының және оқу бағдарламаларын орындауды есепке алу табельдерінің жүргізілуі арқылы жүзеге асырылады.
- 6.8. Білім мен ғылымды кіріктіру, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын жасау және енгізу, Мектептегі педагогикалық қызметкерлердің санаттарын жоғарлату мақсатында Мектепте оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүзеге асырылады.
- 6.9. Мектептегі тәрбие беру бағдарламасы білім үрдісінің құрамдас бөлігі болып табылады және патриотизм, азаматтылықты, интернационализм, мораль және адамгершілікті қалыптастыруға, сонымен қатар, оқушылардың жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттіліктерін дамытуға бағытталған.
- 6.10. Мектепте жалпылай мойындалған халықаралық құқық және ізгілік принциптеріне қарама-қайшы келетін нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік ымырасыздықты насихаттау, милитаристік және басқа идеяларды тарату, және діни атрибуттары көрсетілген киім киюге тыйым салынады.
- 6.11. Оқу-тәрбие беру үрдісі оқушылардың және педагогикалық қызметкерлердің адамгершілік абыройларын құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.
- 6.12. Оқушыларға физикалық, моральдық және психикалық зорлық-зомбылық жасауға рұқсат етілмейді.
- 6.13. Әскерге шақырылу не әскерге шақырылуға дейінгі жастағы оқушылардың алғашқы әскери дайындығы Мектепте Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген тәртіп бойынша жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.
- 6.14. Мектептегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.15. Мектепте жалпыға міндетті мемлекеттік стандартқа сай мемлекеттік тіл ретінде казак тілі, сонымен қатар, орыс тілі және мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай шетел тілдерінің бірі оқытылады.
- 6.16. Мемлекеттік және орыс тілі қорытынды аттестаттаудағы пәндердің тізбесіне кіретін міндетті пәндер болып табылады.
- 6.17. Оқыту үрдісі оқытудың әр түрлі формалары қолданылатын сабақтар жүйесі болып табылады: жеке, ұжымдық, топтық, өзіндік.
- 6.18. Оқу жүктемесі, оқушылардың сабақтарының тәртібі білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарының, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың, білім беру және денсаулық сақтау органдарының оқу жоспарлары

мен ұсыныстарының негізінде дайындалған Мектеп бекіткен ережелермен анықталады.

6.19. Оқу жылының мерзімі, демалыс өткізу мерзімдері мен оның ұзақтығы жылдық күнтізбелік кестесінде көрсетіледі. Мектеп директоры бекітетін сабақ кестесі мен күн тәртібінде сабақ кестесі құрылады. Сабақтар екі ауысымда өткізіледі. Оқушылармен жеке жұмыстар, сыныптан тыс жұмыстар кесте бойынша сабақтан тыс уақытта өткізіледі.

6.20. Мектептегі сынып саны оқушылардың санына және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға жасалған жағдайларға, сонымен қатар санитарлық нормаларды сақтауға байланысты.

6.21. Оқу топтарының саны және толықтығы:

Мектептегі сыныптар саны, азаматтардың берген арыздары санынан және білім беру үрдісін жүзеге асыруға жасалған жағдайларға байланысты санитарлық нормаларды ескере отырып, Құрылтайшының келісімімен директордың тиісті бұйрығымен белгіленеді.

6.22. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес оқушылардың бірыңғай мектеп формасын киюі міндетті болып табылады.

## **7. Білімді ағымдық бақылау, оқушыларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу жүйесі, оларды өткізу формасы және тәртібі**

7.1. Жалпы және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларының игерілуі «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін, оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің типтік ережесіне» сай іске асады.

7.2. Оқу бағдарламасын оқушылардың меңгергендігін бақылау мақсатында ағымдық, аралық аттестаттау жүргізіледі және 9,11 сыныптарда міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

7.3. Оқушылардың үлгерімдерін ағымдық бақылаудан және аралық аттестаттаудан өткізудің мерзімі мен тәртібін, түрін таңдау Мектептің еркінде.

7.4. Оқу бағдарламасын «өте жақсы» деген бағамен аяқтаған оқушылар сыныптан сыныпқа аралық аттестаттаусыз көшіріледі.

7.5. Оқу бағдарламасын жақсы игерген және аттестаттаудан сүрінбей өткен оқушылар, Мектеп педагогикалық кеңесінің шешімімен келесі сыныпқа көшіріледі, директормен бекітіледі.

7.6. Аралық аттестаттау оқушылардың білім деңгейін тексеру және бақылаудың міндетті формасы болып есептеледі. Аралық бақылаудың мазмұны мен тәртібін ұйымдастыру мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен реттеліп, директормен бекітіледі.

7.7. Негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларының игерілуі оқушылардың міндетті қорытынды аттестаттаудан өтуімен аяқталады және келесі түрде жүргізіледі:

1) 9 сынып оқушыларына қорытынды бітіру емтиханы;

2) 11 сынып оқушыларына мемлекеттік қорытынды аттестаттау.

7.8. Мектеп бітірушілерге қорытындылау аттестаттауын өткен соң білім деңгейі туралы мектептің мөрімен расталған мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

7.9. Білім беру мекемесі кәмелеттік жасқа толмаған оқушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналарын және басқа да заңды өкілдерді оқу-тәрбиелік жұмысының тәртібімен және мазмұнымен танысу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

### 7-1. Оқушыларды оқудан шығару тәртібі мен негіздемелері

7.1.1. Мектептен оқушыны шығару директордың бұйрығымен келесі жағдайларда ғана жасалады:

- 1) Ата-аналардың (заңды өкілдер) қалауы бойынша басқа мектепке бермек болғанда немесе басқа оқыту түрін таңдағанда;
- 2) Жетім немесе ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды мектептен шығару қорғау және қамқоршылық органдарының келісімімен іске асырылады.

### 8. Ақылы білім беру қызметін ұсыну тәртібі мен қызметтер тізімі

8.1. «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асыру бойынша және тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асырудан қалатын ақшаны жұмсау бойынша қосымша ақылы білім беру қызметтерінің тәртібі туралы» бекітілген Ережесі негізінде, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына және ата-аналардың қалауына сәйкес Мектептің оқу бағдарламасына қосымша ақылы білім беру қызметтік жүйесі қосылады.

8.2. Мектеп жалпы оқыту, білім беру стандарттар талаптарынан тыс келесі тауарларды (қызметтерді, жұмыстарды) ақылы қызметтер туралы келісімшартқа тұруымен ақылы түрде мына қызметтерді көрсетуге құқылы:

- 1) қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын дамыту, спорт, мәдениет және өнер саласындағы қызығушылықтары мен қабілеттерінің дамуы, мамандардың біліктілігін жоғарлатуы);
- 2) оқу жоспары мен бағдарламасында анықталған пәндер бойынша (пәндер пен пәндер циклі) сабақтан тыс уақытта белгілі оқушылармен қосымша сабақтарды ұйымдастыру;
- 3) оқушылардың пәндер бойынша (пәндер пен пәндер циклі) ғылым негіздерін терең оқуды ұйымдастыру;
- 4) әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу: спорттық жарыстар, семинарлар, жиналыстар, оқушылар мен пед.қызметкерлер, үлкен жастағы адамдар арасындағы конференциялар, және оқу-әдістемелік әдебиетін құрастыру мен іске асыру;

8.3. Ақылы негізде қызметін көрсететін Мектеп пен оқушылары, оның ата-аналары мен басқа заңды өкілдерімен арасындағы қарым-қатынас келісімшартпен реттеледі.

8.4. Келісімшарт жасау уақытында оқу жылының барлық шығындарын бір сәтте төлесе, оқу жылының соңына дейін шарт бағасы тұрақты болады. Оқудың ақшасы кезең-кезеңмен төленсе, онда төлеу соммасы жылына 1 рет жалақының өсуіне және инфляция индексін ескеруімен өзгеруі мүмкін.

8.5. Мектепте келесі қызмет түрлері көрсетіледі:

- 1) мектеп асханасында оқушыларды тамақтандыру;
- 2) оқу жоспары мен бағдарламасында анықталған пәндер бойынша (пәндер мен пәндер циклі) сабақтан тыс уақытта белгілі оқушылармен қосымша сабақтарды ұйымдастыру қызметі.

3) білім беру мекемелерінде өтетін түрлі іс-шаралар қатысушыларын тамақтандыруды қамтамасыз ету, жазғы демалысты ұйымдастыру;

8.6. Қосымша ақылы білім беру қызметін көрсетуден түскен қаражаттар оқу үрдісіне, соның ішінде оқыту құрылғыларын, әдебиеттерді алуға, педагогтардың еңбегіне қосымша төлемақы жасауға және мектеп қызметкерлерін материалдық көмекпен қамтамасыз етуге жұмсалады.

## 9. Оқушылар және тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналары, басқа заңды өкілдерімен қарым-қатынасты ресімдеу реті

### 9.1. Оқушылар құқылы:

- 1) мемлекеттік білім стандартына сәйкес тегін білім алуға;
- 2) абыройын және намысын қорғауға, оған қарсы іс-әрекет жасалса, мектептің педагогикалық қызметкерінен көмек сұрауға;
- 3) мектепте сабақтан тыс өтетін іс-шараларға қатысуға;
- 4) мұғалім және мектеп әкімшілігі жағынан тілектестік қатынасқа;
- 5) қосымша ақылы білім алуға;
- 6) оқу үрдісіндегі әр пән бойынша білімінің, дағды және ептілігінің бағалануына және өзінің бағасын білуге;
- 7) бақылау жұмыстарының мерзімі және тақырыбы туралы уақтылы мәлімет алуға;
- 8) сабақ арасында және демалыс мерзімінде демалуға;
- 9) үзіліс кезінде мектеп ішінде, қауіпті деп табылып, тыйым салынған жерлерден басқа (шатыр, подвал, спортзал) жерлерде еркін жүруге;
- 10) ауырғаны туралы медициналық құжаты болған жағдайда бақылау жұмысы мерзімінің өзгертілуіне;
- 11) спорт, оқу, мәжіліс залдарымен, компьютерлік сыныптар және кітапхананы тегін қолдануға.

### 9.2. Оқушылар міндетті:

- 1) мектеп Жарғысын және «Ішкі тәртіп ережелерін» сақтауға;
- 2) мемлекеттік жалпыға бірдей оқу стандартынан төмен емес білім алуға;
- 3) маңайындағыларға тілектестікпен қарауға, өзін абыройлы ұстауға;
- 4) үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;
- 5) мектепке сабақ басталғанға 10 минут қалғанда келуге;
- 6) мектепке ұялы телефон әкелмеуге және оны сабақта қолданбауға, суық оқ ататын, кесетін қаруларды және жарылатын заттарды: кастет, рогатка, пышақ, шылымды, жарылатын улы заттарды мектеп территориясына әкелмеуге, қолданбауға;
- 7) дөрекі сөздерді, ым-ишараларды қолданбауға;
- 8) әкімшілік, не болмаса медициналық қызметкердің, ата-ананың рұқсатынсыз кесте бойынша сабақ аяқталғанша мектеп ғимаратынан кетпеуге;
- 9) 3 күннен артық сабақ босатса медициналық мекемеден дәрігерлік анықтама не басқа анықтайтын ресми құжат әкелуге;
- 10) мектеп мүлкіне ұқыпты қарауға, мектеп ғимаратында тазалықты, тәртіпті сақтауға;
- 11) айналасындағылардың құқығы, ары мен абыройын құрметтеуге, мүлкін қорғауға;
- 12) берілген үй тапсырмасын белгіленген мерзімде орындауға;
- 13) мектеп күнделігін жүргізуге және мұғалім талап еткен кезде көрсетуге;
- 14) сабақта және үзіліс кезінде белгіленген тәртіпті сақтауға;
- 15) Мектеп формасы «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға» сәйкес болу.



9.3. Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың ата-аналары мен басқа заңды өкілдері кұқылы:

- 1) қабылдау талаптарының сәйкестілігіне орай білім беру мекемесін таңдауға;
- 2) ата-аналар комитеті арқылы Мектепті басқару органдарының жұмыстарына қатысуға;
- 3) өз балаларының оқу үлгерімі, тәртібі, оқу жағдайы жайлы мәліметті алуға;
- 4) психологиялық-әдістемелік-педагогикалық кеңестерде өз балаларының оқу-тәрбие мәселелері бойынша кеңес алуға;
- 5) келісімшарт негізінде балаларының қосымша қызмет алуына.

9.4. Оқушылардың ата-аналары мен басқа заңды өкілдері міндетті:

- 1) балалардың оқуға, өмір сүруге қауіпсіз жағдайларын қалыптастыруға, физиологиялық және зияткерлік дамуын қамтамасыз етуге, адами тұлғасын қалыптастыруға;
- 2) жалпы білім беру мектепалды дайындығын қамтамасыз етуге;
- 3) білім беру мекемесінің Жарғысын, «Мектепішілік ережелерді» орындауға;
- 4) балалардың мектептегі сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;
- 5) оқушы мектеп мүлігін бүлдірген жағдайда материалдық жауапкершілікке тартылуға.

## 10. Мектепті басқару

10.1. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Құрылтайшы және басқару органдары жүзеге асырады.

10.2. Құрылтайшы және басқару органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) жедел түрде басқаруға мемлекет тарапынан Көкшетау қала әкімдігінің атынан берілген мүлікті, негізгі қорлар мен айналымдағы қаражаттарды қоса Мектепке бекіту;
- 2) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекіту;
- 3) мектепке берілген мүліктердің тиімді пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 4) мектепті басқару органдарының қалыптасу тәртібі мен өкілеттілік мерзімі мен тәртібін, құрылымын, олардың қабылдаған шешімдерінің тәртібін анықтайды;
- 5) мектеп басшысының жауапкершілігі мен міндеттерін, құқығын, сонымен қатар, оны лауазымдық қызметтен босатуға байланысты негізді анықтайды;
- 6) мектеп штатының сандық шегі мен құрылымын бекітеді;
- 7) мектеп директорының ұсынысы бойынша орынбасарларын қызметке қабылдау және жұмыстан босату;
- 8) мектептің жылдық қаржылық есебін бекіту;
- 9) мектепті қамтамасыз ететін сметаларды бекіту;
- 10) заңмен белгіленген басқа да қызмет түрлерін іске асыру.

10.3. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Құрылтайшы және басқару органдар Мектепті басқаратын директорды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

10.4. Директор мектептің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың өкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз міндеттерін жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

10.5. Директор бірегейлік принципке сүйенеді және Мектептің қызметіне қатысты мәселелерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес өз құзырлығы шеңберінде шешеді.

10.6. Директор Мектептің қызметіне қатысты мәселелерді Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шешеді:

- 1) мектеп атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдар және басқа мекемелерде мектептің өкілі болады;
- 3) келісімшарттарды жасайды;
- 4) сенімхаттарды береді;
- 5) іссапарлар, тәжірибе алмасу сапарларының тәртібі мен жоспарларын және мектеп қызметкерлерін қазақстандық және шетел оқу орындарында оқу біліктілігін арттыру жұмыстарын бекітеді;
- 6) банктік шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар мен нұсқаулар береді;
- 8) мектеп қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасының тәртібіне сәйкес мектеп қызметкерлеріне марапаттау және тәртіптік жазалау, басқа да еңбек тәртібін бұзғаны үшін шаралар қолданады;
- 10) Өзінің орынбасарлары мен басқа да қызметкерлерінің міндеттерін, өкілеттілігін анықтайды;
- 11) өкілетті орган мен жоғары тұрған білім беру органдардың шешімдерін, бұйрықтарын және үкімдерін орындайды;
- 12) мектептің Педагогикалық кеңесін басқарады;
- 13) Басшылық жасайтын кәсіпорындармен байланыс жасайды;
- 14) қаржылық-шаруашылық қызметті бақылайды;
- 15) заңмен, жарғымен және өкілетті органмен жүктелген басқа қызмет түрлерін іске асырады.

10.7. Мектепте алқалық басқару органдары бар: Педагогикалық кеңес, Ата-аналар комитеті, Қамқоршылық кеңесі.

10.8. Мектептің педагогикалық кеңесі мектепті әдістемелік басқаруды ұйымдастырады және оны оқу бөлімінің меңгерушілері мен оқытушылары арқылы іске асырады. Педагогикалық кеңесті Мектеп директоры басқарады. Педагогикалық кеңес оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекітеді, педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын (формалар, әдістер мен тәсілдер) анықтайды, жеке оқу жоспарларын бекітеді, оқушылардың үлгерімі, оқушылардың мінез-құлқы мен аттестаттау мәселелерін, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін көтеру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, озық тәжірибелерді тарату, педагогикалық қызметкерлерді марапаттауды ұсынады, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселелерін шешеді.

10.9. Ата-аналар комитеті бір жыл мерзімге жалпы мектептік ата-аналар жиналысында тағайындалады. Комитет құрамындағы мүшелер саны ата-аналар жиналысында сыныптардың санының ескерілуімен ата-аналарының, басқа заңды өкілдерінің шешімімен жасалады. Ата-аналар комитетінің мүшелері: директор мен педагогикалық кеңестің қарауына мәселелерді ұсынады, мектептің тәрбие жұмысын жақсарту бойынша сынып жетекшілерінің ұсыныстарын қарастырады, оқушылардың жаман қылықтары мен тәртіп бұзушылықтарын болдырмау жұмыстарын атқарады, оқушылардың денсаулығын сақтауды және тамақтануды ұйымдастырады.

10.10. Қамқоршылық кеңесінің құзыретіне:

- 1) білім ұйымының жарғысына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы ұсыныстар жасау;
- 2) заңнамада қарастырылған жағдайлар мен тәртіпті сақтай отыра білім ұйымының басқарушысын таңдау;
- 3) Білім ұйымының приоритеттік даму бағыттары жұмыстары бойынша ұсыным жасау;
- 4) Білім ұйымының оқу-тәрбие сұрақтары бойынша, ғылыми - зерттеушілік пен шаруашылық қызметінің білім әдістерін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, оның ішінде оқулықтармен қамтамасыз ету ұсыныстарын дайындау, қарастыруға;
- 5) Білім ұйымы Жарғысында көзделген мақсаттары бойынша, білім беру, оқыту бағдарламалары жұмыстарын табысты іске асыру үшін оқушымен білім қызметкерлеріне жағдай жасауды қарастыру;
- 6) Демеушілерді тарту арқылы қаржылай көмекті қамтамасыз ету;
- 7) Демеулік, қайырымдылық көмекті бөлу;
- 8) Білім ұйымының бюджетін қалыптастыру бойынша ұсыныс және оның жобасын алдын ала келісілуін ұсынуға;
- 9) Білім ұйымының басшысының орынды босату тәртіптік сөгіс беру туралы ұсыныстарын енгізу;
- 10) Білім Ұйымының қызметі туралы білім ұйымының басшысы мен орынбасарларының есептерін тыңдау;
- 11) Ұжымдық келісімді құруға және оны келісілуге қатысу;
- 12) Қосымша қаржы қорынан қарастырылған қаржыға сәйкес қызметкерлерге, білім ұйымының басшысына, басшы орынбасарларына, бас есепшіге жалақысына қарай үстеме, сыйақы төлеу, материалдық көмек беру ұсыныстарын қарастыру;
- 13) Білім Ұйымының құрылымдық бөлімшелерін жабу және ашу туралы ұсыныстарын қарастыруға;
- 14) Қамқоршылық кеңес құзыретіндегі білім ұйымының жарғысы мен заңнамасына қатысты басқа функцияларды орындау. Қамқоршылық кеңесі мүшесі талабы бойынша Қамқоршылық кеңес құзыретіне қатысты сұрақтар мен ақпаратты Білім ұйымының құрылымдық бөлімшелері беруі міндетті.

## **11. Мектептің мүлкін қалыптастыру тәртібі**

11.1. Мемлекеттік мекеменің мүлкі заңды тұлғаның активтерінен құралады, олардың құны мектеп балансында көрінеді. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптасады:

- 1) жеке меншік иесінің берген мүлкінен;
- 2) өздік іскерлік арқылы тапқан мүлкінен (ақшалай табысты есептегенде);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы емес басқа табыс көздерінен.

11.2. Мектеп өзіне бекітілген және смета арқылы бөлінген қаражатқа алынған мүліктерді сатуға, сыйлауға құқығы жоқ.

11.3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Мектептің табыс әкелетін іскерлікті жүргізуге құқығы болса, сол іскерліктен түскен қаражат тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

11.4. Мектеп мүлкі Көкшетау қалалық әкімдігі атынан мемлекеттің берген мүлкі және негізгі қорлар мен айналымдағы қаражаттар негізінде құралған.

11.5. Жетекші органның Мектепке берген мүлкі оған жедел басқару құқығымен берілген және мемлекеттік коммуналдық меншікке жатады. Мектеп мүлкіті қолдануға және сақтауға құқылы.

11.6. Мектептің материалдық-техникалық қорын: жергілікті бюджет, құрылтайшымен берілген мүлік, кәсіпкерлік қызмет пен ақылы білім беру қызметінен түскен кіріс құрайды.

11.7. Мектептің қызмет жасау барысында бюджеттік қаражатқа алған мүлкі Мектеп балансында тіркеліп, мемлекеттік меншік деп табылады. Мектептің өз бетінше осы мүліктерді пайдалануға құқығы жоқ.

11.8. Мектеп Қазақстан Республикасы «Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы» заңдарына, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру бойынша Қазақстан Республикасы басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне, бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүргізуге міндетті.

11.9. Мектептің қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру мен ревизияны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген тәртіпте өкілетті органдар жүргізеді.

## **12. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

12.1. Мектептегі жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына кереғар болмай, ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сай құрылуы тиіс.

## **13. Штат пен мектеп қызметкерлерінің еңбегін төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері**

13.1. Мектеп пен қызметкерлер арасындағы еңбек қарым-қатынастары еңбек туралы заңға сүйене отырып, жеке еңбек шартына сай реттеледі. Педагогикалық ұжым байқау негізде құрылады.

13.2. Мектеп қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Мектеп Жарғысымен, ішкі тәртіп Ережелерімен және қызметтік нұсқаулармен анықталады.

13.3. Мектептің педагогикалық қызметкерлері құқылы:

- 1) Кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасауға;
- 2) Мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын сақтау жағдайында, педагогикалық қызметті ұйымдастырудың түрлері мен тәсілдерін еркін таңдауға;
- 3) Ғылыми зерттеулердің тақырыбын өз алдына және оларды педагогикалық практикада қолдануға;
- 4) Мектепті басқару органдарына қатысуға;
- 5) Өндірістен қол үзіп, бес жылда бір рет екі ай мерзім мөлшерінде өз біліктілігін арттыруға;
- 6) қызметте өсу, санат дәрежесін көтеру мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтуге;
- 7) 56 күнтізбелік күн мерзіміне төленетін демалыс алуға;
- 8) Жеке педагогикалық қызметке;
- 9) өзінің кәсіби құндылығы мен абыройын қорғауға;
- 10) жеке тұлғалық мүлкін қорғауға;
- 11) мектеп әкімшілігі шығарған бұйрықтар мен үкімдер бойынша арыз жасауға;
- 12) Педагогикалық қызметіндегі табыстары үшін қаржылай және моральды түрде марапатталуға;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылғын педагогикалық қызметтің басқа да түрлеріне.

13.4. Мектептің педагогикалық қызметкерлері міндетті:

- 1) оқушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көрсетілген деңгейлерге сай білім беру дағдыларын қалыптастыруға;
- 2) оқушылар мен тәрбиеленушілер жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етуге және шығармашылық қабілеттерін анықтауға;
- 3) өз біліктілігін арттыруға;
- 4) педагогикалық әдеп нормаларын, Мектеп Жарғысын «Мектепішілік тәртіп ережелерін» сақтауға;
- 5) оқушылар мен ата-аналардың, әріптестерінің жеке басын сыйлауға;
- 6) салауатты өмір салтын ұстануға және оны оқушылар арасында насихаттауға.

13.5. Оқушылардың білімін арттыру мақсатындағы мұғалім міндеттері:

- 1) Өз тәжірибесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдануға, критериалдық бағалауды енгізуге, коучинг, конференцияларға қатысуға. Сабаққа мұқият, жақсы дайындалып келуге, дидактикалық материалдарды дұрыс қолдануға, жеке дара және дифференциалды тапсырмалар құрастыруға міндетті. Сабақтың толыққанды өткізілуін қамтамасыз ету, сабақ дұрыс өтілмеген кезді болдырмауға міндетті;
- 2) Жеке оқушылардың білім сапасының төмен болу себептерін анықтау. Оқушылардың БОД жоғарлату бойынша жоспарларын құрастыру, тақырыптық білімдерін бақылау дәптерін жүргізу;
- 3) Үлгерімі төмен және нашар оқитын оқушыларға сабақ үстінде және сабақтан тыс кезінде аса көңіл аудару, олармен жұмыс жасау;
- 4) Үй жұмысының сапалы, дұрыс, толық жасалуын қадағалау, оқушының ой-қабілетінің дұрыс қалаптасуына септігін тигізу мақсатында жеке үй тапсырмаларын беру;
- 5) Сабақ барысында оқушыдан толық, дұрыс терең мәнді жауаптарды, терминологияны білуін талап ету;
- 6) Тақырып өткізілгеннен кейін оқушылардың алған білімдерін тексеру мақсатында бақылау жүргізу;
- 7) Оқытудың бірізділігін сақтау, алдыңғы сыныптарда алған білімдеріне жүгіну;
- 8) Оқушылардың дәптерлерін жүйелі түрде тексеру, типтілік қателерді табуға, оқушылардың оқу кемшіліктерін өз бетінше түзетуге үйретуге.

13.6. Мектеп қызметкерлерінің еңбек төлемінің жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталады (Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2002 ж.11.01. болған № 41 «Мемлекеттік қызметшілер болып саналмайтын мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлердің еңбегін төлеу жүйесі туралы» Қаулысы).

13.7. Мектеп қызметкерлерінің еңбегін төлеу жүйесіне мыналар кіреді: мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлердің лауазымды еңбекақысы, Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген, Қазақстан Республикасының заң актілерімен көрсетілген өтемақы, еңбекшартына байланысты қосымша төлемақы.

13.8. Мектеп қызметкерлерінің лауазымды еңбек ақылары (ставкалары) мұғалімнің мамандық бойынша жұмыс өтіліне және лауазымына сай қай топқа жататындығы, қай қызметте жүргендігі ескеріле отырып, есептеуге арналған лауазымды еңбекақысы белгіленген коэффициентке көбейтіліп анықталады.

13.9. Қосымшалар мен қосымша ақшалар лауазымды еңбек ақыдан есептеледі, ал басқа да қосымша құндар бірайлық жалақыдан алынады, өтемақы көлемі ҚР нормативті актілеріне сай анықталады.

13.10. Мектептің педагогикалық қызметкерлері үшін нормативтік оқу жүктемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, мұғалімдер біліктілігін ескеру арқылы реттеледі.

13.11. Мектептегі еңбекті ұйымдастыру қызметкерлерге кепілдік беру принциптері негізінде, Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген әлеуметтік-экономикалық құқықтары негізінде жасалады.

#### **14. Мектеп Жарғысына өзгерту мен қосымша енгізу тәртібі**

14.1. Әрекеттегі Мектеп Жарғысына жаңа редакциялық мазмұнынды, бекіту, өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы ғана енгізеді.

14.2. Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Әділет министрлігінде тіркеуден өткен сәттен бастап қана нақты деп есептеледі. Мектеп Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізген сәттен кейін бір ай мерзім ішінде Ақмола облысы бойынша Әділет министрлігіне хабарлауға міндетті және ресімдеуге қажетті қызметті іске асырулары қажет.

#### **15. Мектепті қайта құру және тарату тәртібі**

15.1. Мектепті қайта құру немесе тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

15.2. Мектепті қайта құру немесе тарату жағдайы болса, оқушылардың басқа мектептерде оқу жылын аяқтау үшін жағдай жасалуы қажет.

15.3. Мектепті таратқан жағдайда немесе құқықты қабылдаушысы болмаған кезде Мектептің барлық құжаттамалары мемлекеттік мұрағатқа тапсырылады.

## 1. Общие положения

1.1. Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 12» отдела образования города Кокшетау (далее - Школа) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме: коммунальное государственное учреждение для осуществления образовательных функций.

1.2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

1.3. Школа-создана и осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об образовании», Трудовым кодексом Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также другими нормативными правовыми актами, утвержденными Правительством Республики Казахстан, Министерством Образования и Науки и на основании настоящего Устава.

1.4. Учредителем Школы является акимат города Кокшетау (далее-местный исполнительный орган).

1.5. Уполномоченным органом Школы является государственное учреждение «Отдел образования города Кокшетау» (далее-орган государственного управления).

1.6. Наименование школы:

*на государственном языке:* Көкшетау қаласы білім бөлімінің «№ 12 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

*сокращенное наименование:* Көкшетау қаласы білім бөлімінің «№ 12 орта мектебі» КММ;

*на русском языке:* Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 12» отдела образования города Кокшетау;

*сокращенное наименование:* КГУ «Средняя школа № 12» отдела образования города Кокшетау.

1.7. Местонахождение: Республика Казахстан, 020000, Акмолинская область, город Кокшетау, улица Вернадского, 46 Б

## 2. Юридический статус Школы

2.1. Школа считается созданной и приобретает права юридического лица с момента ее государственной регистрации.

2.2. Школа имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Школы на государственном языке и штампы со своим наименованием на государственном языке.

2.3. Школа не может создавать, а также выступать учредителем другого юридического лица.

2.4. Школа обладает обособленным имуществом, предоставленным на праве оперативного управления, отвечает по своим обязательствам находящимися в ее распоряжении деньгами. По договорным обязательствам ответственность Школы наступает в пределах утвержденной сметы на содержание Школы. При недостаточности у Школы денег субсидиарную ответственность по ее обязательствам несет Учредитель.

2.5. Гражданско-правовые сделки Школы вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

2.6. Деятельность Школы строится на принципах бесплатности образовательных услуг в пределах государственных стандартов, непрерывности процесса образования, разнообразия методов преподавания.

2.7. Право на ведение образовательной деятельности установленные законодательством, право на выдачу своим выпускникам документа государственного образца о соответствующем уровне образования возникают у Школы с момента выдачи ей соответствующей лицензии. Государственную аттестацию Школа проходит в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «Об образовании».

### 3. Предмет, цели, задачи и принципы деятельности

3.1. Предметом деятельности Школы являются:

- 1) реализация Государственного общеобязательного стандарта начального, основного среднего, общего среднего образования Республики Казахстан;
- 2) содержание, формы и методы учебно – воспитательного процесса, способствующего формированию творческой, одаренной личности при учете закономерности функционирования Школы в условиях единого процесса воспитания и образования;
